



БҰЙРЫҚ

2026 жылғы 29 шілде
Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ *334 Н/К*
город Балхаш

«Мектепке жол» республикалық
қайырымдылық акциясын
ұйымдастыру және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2026 жылғы 28 шілдедегі № 4-21-6/5243-И хатына сәйкес, жаңа 2026–2027 оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың балаларына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету, сондай-ақ әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмей қалуының алдын алу мақсатында,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Балқаш қаласының білім беру ұйымдарында 2026 жылғы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы (бұдан әрі – Акция) өткізілсін.

2. Төмендегілер бекітілсін:

2.1 2026 жылғы «Мектепке жол» акциясын өткізудің қалалық іс-шаралар жоспары (1-қосымша);

2.2 Акция барысы туралы ақпарат пен есептілікті ұсыну кестесі (2-қосымша).

3. Білім бөліміне қарасты жалпы білім беретін мектептер мен білім беру ұйымдарының басшылары:

3.1 мектеп ішілік Акцияны ұйымдастыру жөнінде бұйрық шығарып, жауапты тұлғаларды бекітсін;

3.2 әлеуметтік және материалдық көмекке мұқтаж оқушылардың (аз қамтылған, көпбалалы отбасы балалары, жетім және қамқорлықтағы балалар) нақты тізімін анықтап, деректер қорын жаңартсын;

3.3 балаларды оқумен толық қамту және сабаққа себепсіз қатыспаудың алдын алу мақсатында рейдтік іс-шараларды ұйымдастырсын;

3.4 Акцияға демеушілерді, меценаттарды, үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіпкерлерді белсенді түрде тартсын;

3.5 «Сенім телефондары» мен «жедел желілердің» үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп, азаматтардың өтініштерін жедел қарауды ұйымдастырсын;

3.6 БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және мектеп веб-сайттарында Акцияның мақсатын, «жедел желі» нөмірлерін және атқарылған жұмыстарды кеңінен жарияласын.

4.Білім бөлімінің бас маманы Б.Б. Мағзаға:

4.1 2026 жылғы 31 шілдеге дейін облыстық білім басқармасына бекітілген аймақтық акция жоспарын жолдасын;

4.2 2026 жылғы 1 тамызда Акцияның ақпараттық науқанын ұйымдастырып, барлық мектептерде бірыңғай ақпараттандыру жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етсін;

4.3 2026 жылғы 4 тамызға дейін Акция бойынша толық бастапқы ақпаратты (жоспарлар, есеп нысандары, «жедел желілер», меценаттар, БАҚ сілтемелері) облыстық білім басқармасына жіберсін;

4.4 Акция барысы туралы аралық жиынтық ақпаратты осы көрсеткішімен әрбір 10 күн сайын (10, 20, 30 тамыз және 10, 20 қыркүйек күндері) облыстық білім басқармасына жолдасын.

5.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы м.а



Ш.Алишева

Бұйрықпен таныстым

Б.Б Мағза